

14 шілде,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың телевизиялық үндеуі



Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, қазір өлемдегі пандемияға байланысты қалыптасқан жағдай күрделене түсуде.

Коронавирустың таралуы бәсеңдемей отыр.

Кейбір елдерде бұл індет қайтадан ұшығып бара жатыр.

Әлем бойынша осы вирусты жұқтырғандардың саны шамамен **12 миллионға** жетті, соның салдарынан **500 мыңнан** астам адам қайтыс болды.

Сол себепті, бірқатар елдерде карантин тәртібі қайта күшейтіліп, өуе, көлік қатынасы қайтадан шектелді.

Өкінішке қарай, біздің елдегі жағдай да оңай болып тұрған жоқ.

Мемлекеттік комиссияның шешімімен **5 шілдеден** бастап елімізде екі апталық мерзімге карантин шаралары енгізілді.

Бұл аса қажетті шешім болды.

Жағдайдың тұрақталатыны сөзсіз. Оның алғашқы белгілері де бар. **Сондықтан, алдағы екі апта біздің болашақ қадамдарымыз үшін шешуші кезең болмақ.**

Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін **қатаң сақтауға** шақырамын. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты.

Бұл — өте қауіпті, батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт.

Коронавирустың таралуына байланысты денсаулық сақтау жүйесіне көп ауыртпалық түсуде.

Ашығын айту керек, денсаулық сақтау жүйесі індетке тойтарыс беруге дайын болған жоқ. Осы мәселе бойынша біз тергеу жүргіземіз және бұл жағдайдан сабақ аламыз. Өкімдердің жіберген қателіктеріне тиісті баға береміз.

Дегенмен, мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылданауда.

Қабылданған шаралар мен меди-

цина қызметкерлерінің ерлігінің арқасында **өмделіп шығып жатқан азаматтардың саны едәуір көбейді.**

Көптеген елдердегі жағдай бізден де қиын.

Дегенмен, «Әр қазақ — менің жалғызым» дегендей, Әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады. **Мынау алапат індет арамыздан талай асылдарымызды жұлып әкетуде.**

Бүгінде қара жамылып отырған азаматтардың қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Сол үшін 13 шілдені — Ұлттық аза тұту күні деп жариялаймын.

Бірақ, біздің күресіміз жалғаса береді.

Бұл індетті адамзат жуық арада жеңе қоймас.

Алайда, уайым мен қайғыға батып, түрлі қауесеттерге сеніп, еңсемізді түсіруге тағы да болмайды.

Салмақты, сабырлы болайық! Біздің жұмысымыз — айқын, қоғам алдында ешнәрсені жасырмай, ашық айтамыз. Болашақта да солай болады.

Бүкіл күш жігерімізді жинап, індетпен күресе беруіміз керек.

Осындай күрделі жағдай кезінде ел арасында көптеген жалған өңгімелер тарауда. Теріс ақпарат таратып жүрген арам пиғылды адамдардың әрекеттері орын алуда.

Өкінішке қарай, кейбір азаматтар жалған ақпаратқа сенетін болды.

Сонымен қатар, тағы бір маңызды мәселе. Дәрігерлеріміз бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтарға **нақты, бірізді мәлімет беруі керек.** Дертті емдеудің неше түрлі жолдарын көрсетіп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруге болмайды.

Бұндай әрекеттерге тосқауыл қою керек.

Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады.

Құқық қорғау органдары ел ішіндегі осындай жөнсіздікке қатысты қатаң шаралар қолданатын болады.

Сол сияқты дәрі-дәрмектің бағасын бірнеше есе өсіріп, қалыптасқан жағдайды өз мақсатына пайдаланғысы келген алыпсатарларды да құқық қорғау органдары менің тапсырмама сәйкес жауапқа тарта бастады.

Қазір мемлекеттік органдар елді мекендерді қажетті дәрі дәрмекпен толық қамтамасыз етуде. Осыған орай, тиісті қор жасақталған. Төсек орындары да, медициналық қызмет көрсету ісі де толығымен қамтамасыз етіледі.

Дорогие казахстанцы!

Ситуация с коронавирусом остаётся серьёзной. Но на фоне других государств **в пропорциональном соотношении** она если не лучше, то ничуть не хуже.

Тем не менее, мы, разумеется, не собираемся довольствоваться этим фактом, впереди большая работа, которую мы должны провести **вместе, всем обществом.**

Угрозу коронавируса недооценивать нельзя. Продолжать думать, что это обычный грипп, — ошибочно. Это гораздо более коварная и опасная болезнь. Количество заболевших в мире достигло почти 12 млн. человек, растёт число жертв.

Именно поэтому с самого начала пандемии мы сразу же приняли **решительные и жесткие меры**, чтобы ограничить её распространение в нашей стране.

Это позволило нам спасти многие жизни. Но, к сожалению, из-за массового **несоблюдения карантинных мер, системных ошибок** бывшего руководства Минздрава, **нерасторопности** акимов мы имеем дело фактически со **второй волной** коронавируса вкупе с резким ростом **заболевания пневмонией.**

(жалғасы 2 бетте)

ІНДЕТТІ ЖЕҢУ ҰРПАҚ ҮШІН МІНДЕТ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кеше өз үндеуін жолдаған болатын. Үндеуде көптеген маңызды мәселелер айтылды. Атап өтсек дәрі-дәрмектің бағасы.

«Құқық қорғау органдары дәрі-дәрмектің бағасын заңсыз қымбаттатқан адамдарды ұстап жатыр. Халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жұмысы жалғасуда. Ел азаматтарын дәрі тапшылығын туғызып, дүрбелеңге салынбауға шақырамын» деді мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, дәрі-дәрмектің бағасын бірнеше есе өсіріп, қалыптасқан жағдайды өз мақсатына пайдаланғысы келген алыпсатарларды да құқық қорғау органдары жауапқа тарта бастағандары туралы да атап өтті.

Қазір мемлекеттік органдар елді мекендерді қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етуде. Осыған орай, тиісті қор жасақталған. Төсек орындары да, медициналық қызмет көрсету ісі де толығымен қамтамасыз етіледі. Президент үндеуі соңында халыққа денсаулық тілеп, барынша сақтану керек екендігін айтты.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, аты жаман індеттен аман-есен шығайық.

Сәрсенбай АМАНҒОСОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

БІРЛІКТІҢ АЛМАЙТЫН ҚАМАЛЫ ЖОҚ!

Уа, халқым, біз - ел басына күн туғанда етікпен су кешкен ерлердің ұрпағымыз. Қазір басымызға сондай заман туып тұр. Айқайлап-шулап, даттап-балағаттайтын заман емес, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын заман. Елдің бірлігі мен тірлігі сыналатын кез.

Қазір өрбір қазақты тек бір нәрсе толғандыру керек, ол - мына тұншыққан елге қалай дем болам, өнтіккенге қалай ем болам деген ой. Біріміз айға, біріміз сайға тартпайық. Жұмылайық, бірігейік, барлық күш-қуатымызды мына індетке қарсы күресуге жұмсайық.

Кінәлі жазасыз қалмас, бірақ шірігі бар екен деп бүкіл бақшаны отамайық. Бұл ел біздікі, халық біздікі, сондықтан халыққа қолымыздан келгенше қорған болайық. Әрбір сағат, минут, секунд маңызды бұл күресте.

Құдайға шүкір, біздің халық - арлы халық, жомарт халық. Біреу аурухана салуға ниеттенсе, біреу аппараттар әкеліп жатыр, біреу дәрімен көмектессе, біреулер аурухана аралап балон таратып жүр. Намысы бар, жігері бар жақсы ұрпақ өсіп келе жатыр. Сүйсінем қарап тұрып. Сондықтан оларды үрейлендіріп, үмітін үзбейік, сағын сындырмайық. Қайта "Артында мен бармын, уайымдама, шап алға"- деп жігерлендіріп, жақсылықта жарыстырайық.

Бұл індетті тек бірлік пен қатаң тәртіп арқылы жеңеміз, ал тәртіпке бағынбай, бытырайтын болсақ жеңілеміз. Сондықтан, бөріңді бірлікке шақырамын.

Абыл САТАЙ,
Кәсіпкер.

ТЕРЕҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК!

Ел тарихына көз жүгіртсек, халықтың қабырғасына батқан небір қиын кезеңдер өткен. Биылғы жылдың көктем мезгілінен бастап дүние жүзін дүр сілкіндірген коронавируc індетінің таралуы туралы хабар жеткен. Осы қауіпті індет біздің елімізді де шарпыды.

Халқымыздың «Сақтансаң - сақтармын» деген терең мағыналы қағидаты осындай алмағайып шақта індет ауқымының өршуіне тосқауыл бола алмады. Пандемия кезінде адамдар құрбандығы орын алды. 2020 жылдың 13 шілдесі жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды. Бұған дейін республикалық телеарналар арқылы елімізде қалыптасқан ахуалға байланысты үндеу жасаған Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бұл туралы мәлімдеме жасаған еді.

Жүздеген адамдардың өмірін қиған індет ұйысқан халқымыздың берекесін қашырды. Мемлекетіміз осындай қиын жағдайды еңсеру үшін қолдан келер мүмкіндіктерді жасап жатыр. Пандемия кезінде құрбан болғандар мен ұлтымыздың болашағы үшін қызмет бабында бақиға аттанған ақ халатты медицина қызметкерлері мәңгілік халық жадында қалады.

Еліміз тыныш, халқымыз аман болса, бұл індетті де толығынан жеңерімізге көміл сенеміз. Қиын сәтте әрқайсысымызға терең жауапкершілік, сабырлық, бір-бірімізге деген қолдау аса қажет!

Болат БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Еңбек ардагері.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың телевизиялық үндеуі

Госкомиссией принято решение о введении двухнедельного карантина по всей стране.

Это правильное решение. В данный момент появились первые признаки **стабилизации ситуации**.

Но расслабляться, конечно, рано. Предстоящие недели **станут решающими** в нашей борьбе с пандемией.

Государство принимает все меры для стабилизации ситуации. Укрепляется **первичная** медицинская помощь.

Уже сформировано **400** универсальных мобильных бригад для оказания комплекса медицинских услуг населению **на дому**. До конца июля их количество будет доведено **до 3,5 тысячи**.

Начата работа по увеличению мест **в больницах**. С момента моего поручения количество коек для больных коронавирусом **увеличено на 70% и доведено до 43 тысяч**.

Активно вовлечены в эту работу и военные медики. Благодаря ресурсам вооруженных сил развернуто **более 500 коек**.

В места особых вспышек передислоцируются **полевые госпитали**. Идет привлечение и интенсивная переподготовка **медиков в запасе**.

Для повышения доступа к тестированию дооснащаются действующие лаборатории – дополнительно закупается **20 ПЦР-анализаторов**. Создаются **8 мобильных центров** для ПЦР-тестирования, в том числе и сельского населения.

Все это позволит увеличить количество тестов **до 40 тысяч в сутки**. Отдельно хочу остановиться на **улучшении лекарственного обеспечения**.

В этих целях сокращены **сроки и упрощены процедуры сертификации** лекарственных препаратов.

Продлено действие **специального порядка государственных закупок** способом из одного источника для **противоэпидемиологических нужд**.

Упрощен порядок **разового ввоза** противовирусных лекарственных средств, не имеющих регистрации в Республике Казахстан. Такие заявки рассматриваются **в течение суток**. Ускорена процедура регистрации

новых препаратов отечественных товаропроизводителей для лечения КВИ.

Все эти меры позволяют **быстрее и эффективнее** доводить необходимые препараты **до больниц и аптечных сетей**.

Правительство и акимы в срочном порядке проводят работу по обеспечению населения всеми необходимыми препаратами. Для стационаров уже закуплены лекарства для лечения **около 30 тыс.** госпитализированных. Это на **70% выше текущей потребности** (при наличии около **18 тыс.** госпитализированных). Работа продолжается.

В розничную сеть уже поступают необходимые лекарства: доставлено **800 тыс. упаковок** парацетамола, до конца недели ожидается поставка еще **900 тыс. упаковок, 150 тыс. упаковок** антибиотиков **уже отгружено в аптечную сеть**.

В ближайшие дни проблема с лекарственным обеспечением будет решена.

Вновь обращаюсь с просьбой к гражданам **не паниковать**, не закупать лекарства **впрок**, создавая ажиотажный спрос на них.

В целом, на закуп лекарственных препаратов, аппаратов ИВЛ, стимулирование медработников и другие неотложные меры направляется **не менее 150 млрд. тенге**. Расходование средств будет **на особом контроле**.

Сейчас крайне важно не допускать **панику в обществе**.

Некоторые бессовестные дельцы пытаются воспользоваться непростой ситуацией и заработать на этом. Ими создается искусственный ажиотаж и **намеренно завышаются цены** на столь нужные медицинские препараты.

По моему поручению правоохранительные органы начали **привлекать к ответственности** лиц, занимающихся спекуляцией лекарствами.

Акматам следует проводить **общественные рейды** и выявлять подобные факты.

Некоторые лица устраивают политические игрища, распускают слухи, **подогревают ситуацию** разного

рода **предположениями и призывами**, пытаются **разжечь рознь в обществе**.

Такого рода манипуляции крайне опасны, поэтому им будет дана **правовая оценка** в соответствии с законодательством.

К сожалению, болезнь продолжает уносить жизни казахстанцев.

За официальными сводками лежат **трагедии сотен семей**. Кто-то потерял отца, мать, брата, сестру, сына и дочь.

Я выражаю свои соболезнования родным и близким умерших. Это общая трагедия для нас всех.

Поэтому мной принято решение **объявить 13 июля Днем национального траура** по казахстанцам, которые стали **жертвами пандемии**.

Уверен, что каждый из нас, где бы ни находился в этот день, почтит память ушедших. Хочу призвать всех **соотечественников** проявить стойкость, спокойствие, ответственность перед испытаниями, выпавшими на долю нашего народа.

Мы продолжаем нашу борьбу с коронавирусом. Нет сомнений в том, что **победа будет на нашей стороне**.

Мы не должны опускать руки, поддаваться депрессии, апатии. Сегодня, **как никогда**, нужно проявить наше **единство**.

Мы **никого** не оставим в беде и будем биться за жизнь и здоровье **каждого казахстанца**.

Құрметті отандастар!

Біз – талай зобалаң мен сынақты бастан өткерген, тарихтың талай дауылына бой бермеген халықпыз.

Батыр бабалардың жолын жалғаған бүгінгі ұрпақ та қазіргі қиындыққа төтеп береді деп сенемін.

Бәлкім, бұл біздің бірлігімізді байқау үшін берілген сынақ шығар.

Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымдаса білсек, бұл сыннан да өтерміз.

«Денсаулық – зор байлық» деген **халқымыздың дана сөзінің қадірін білейік**.

Әр азаматтың амандығы үшін күресейік!

Баршаңызға мықты денсаулық, мызғымас береке-бірлік тілеймін!

Akorda.kz

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ КҮШЕЙТІЛДІ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕ ҚАУІПТІ ІНДЕТ ТАРАП, ПНЕВМОНИЯ ӨРШІГЕН ТҰСТА ҚАЙ БІР АДАМНЫҢ БОЛСА ДА КӨКЕЙІНДЕ ТҰРҒАН САУАЛДАРДЫҢ БІРІ – «ДӘРІ-ДӘРМЕК НЕГЕ ТАПШЫ? НЕГЕ ҚЫМБАТ?». ӨЙТСЕ ДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАҒАН ҮНДЕУІНДЕ КОРОНАВИРУС ӨРШІП ТҰРҒАН КЕЗЕҢДЕ ЕЛІМІЗДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕК ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЯЮ КҮНДЕРІ ШЕШІЛЕТІНДІГІН АТАП ӨТТІ. СОНДЫҚТАН БАРША АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫН ТҰТАСТАЙ АУЫЗ БІРЛІКТЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІНІҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!



Міне осы орайда өткен аптада «Nur-Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Займолдин, аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин және аудандық мәслихат депутаттары аудан орталығындағы дәрханаларды аралады. Онда алдымен дәрханаларда халықтың сұранысына сәйкес қандай дәрі-дәрмектердің жетіспейтіндігін сұрады. Барлық дәрханаларда тұрғындар парацетамол, ыстықты төмендететін және вирусқа қарсы препараттарды жиі сұрайтындығын жеткізді. Десе де соңғы аптада дәрханаға келіушілердің қатары сиреп келе жатқандығын атап өтті. Алайда дәрханаларда дәрілердің жетіспеушілігі байқалады. Тіпті парацетамол, аспирин, цитрамон сынды дәрілер мүлде жоқ. Себебі бұл дәрілер облыс орталықтарының өзінде тапшы екені жасырын емес. Қазіргі жағдайда антибиотиктер дәрігердің арнайы толтырылған рецепісіз кез келген адамға берілмейді. Орталықта орналасқан

дәрханаларда дәрі-дәрмектер бағасы 20-30 пайызбен сатылса, аудандық аурухана жанындағы дәрханада 5-10 пайызбен сатылып жатыр. Сондай-ақ аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаевпен тікелей тілдескен арнайы топ өкілдері медицина саласы бойынша біздің аудандағы ахуалды ашық түрде талқылады. Науқастарға оттегі аппараты мен қосымша қажетті заттар алып беруге көмектесетіндігін жеткізді.

Жоғары қа амапған топ өкілдері ауданға ағымдағы жөнделу жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтарға партиялық бақылау өткізді. Партиялық бақылау кезінде арақазы келісім-шарт бойынша жөнделу жұмыстарының уақытылы аяқталуы мен сапалы болуын талап еткен жергілікті билік өкілдері мерзімдердің жұмысына сын-ескертпелер жасады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Маманқар кеңесі

КТ ЖӘНЕ КОРОНАВИРУСТЫ АНЫҚТАУ ТЕСТІ ЖАЙЫНДА НЕНІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ?

КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯДАН ҚАЙДАН ӨТІП, ПТР ӘДІСІМЕН ТЕСТІ ҚАЙ ЖЕРДЕ ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ? ДӘЛ ОСЫ ЕКІ СҰРАҚ БҮГІНДЕ КӨПШІЛІКТІ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫР. ДЕГЕНМЕН, ТӘЖІРИБЕ КӨРСЕТІП ОТЫРҒАНДАЙ КӨП ЖАҒДАЙДА МҰНДАЙ ҚАДАМДАРҒА БАРУҒА КӨРСЕТКІШТЕР МҮЛДЕМ ЖОҚ БОЛЫП ЖАТАДЫ. АТАЛҒАН ЕКІ ЗЕРТТЕУДЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МАҚСАТТА ӨТУДІҢ НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТІ ЖОҚ ЖӘНЕ ДӘЛ ОСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ АСА ҚАЖЕТ ЕТЕТІНДЕР НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? ОСЫ САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРУГЕ ТЫРЫСЫП КӨРЕЙІК.



ПТР-ТЕСТІЛЕУ: КІМДЕР ТАПСЫРУЫ ҚАЖЕТ?

Ақылы тестілеу төңірегіндегі дүрбелең өлі де жалғасып жатыр. Өзінде COVID-19 диагнозының жоқ екендігіне сенімді болуы үшін зертханаларға ағылған халық қарасы қалың. Бұған қоса, біреулерге жұмыс орны

коронавирустың жоқ екендігі туралы анықтама өкелуді сұраса, енді біреулерге тест тапсырмаса ешкім емдейтіндігін және жағдайы ауыр болған кезде стационарға жатқызбайтындығын айтқан. Бірақ, клиникалық хаттаманы қоса алғанда, бірде-бір нормативтік-құқықтық құжатта мұн-

дай шектеу қарастырылмаған. Дегенмен, факті факт күйінде қалады. Мұның барлығы да шын мәнінде тест тапсыру қажет адамдардың өмірін қиындатып отыр. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көмегі және міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру аясында ПТР-тестілеуге жолдаманы тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымнан тегін алуға болады. Бірақ, бұған бөрінің бірдей құқы жоқ. ЖРВИ және өкпе қабынуы бар науқастарға, COVID-19-бен провизорлық және инфекциялық стационарға жатқызылғандарға, коронавирус жұқтырғандармен тығыз байланыста болғаны үшін 7 күнге оқшауланғандарға, клиникалық хаттамаға сәйкес медициналық бақылауға, амбулаторлық емдеуге алынған COVID-19 науқастарына тест тегін жасалады. Алдын алу мақсатында ПТР тесті Бас мемлекеттік санитар дәрігердің қаулысымен айқындалған қауіпті аймақтан шетелдік өуе рейстерімен келгендерге, әскери қызметке шақырылғандарға, коронавирусқа ұқсас белгілері бар медицина қызметкерлерге тегін жасалады. Ал қалған адамдардың барлығында тестіні ақылы түрде 15-16 мың теңгеге тапсыру мүмкіндігі бар. Бірақ, сіздің сол тест тапсыру кезегінде немесе сараптама тапсырғаннан кейін келесі күні коронавирус инфекциясын жұқ-

тырып алмайтындығыңызға ешкім де кепілдік бере алмайды. Бұған қоса, үш ай бойы үздіксіз, тынымсыз жұмыс салдарынан зертхана мамандары арасында вирус жұқтырғандардың саны артып тұр. Ал бұл кадр тапшылығына түрткі болуы мүмкін. ПТР-тестін емханалар жанындағы арнайы мобильді бригадаларды үйге шақыру арқылы тегін тапсыруға болады. Мұндай бригадаларды тұрғындар тегін шақыра алады.

КТ - скрининг емес

Бүгінгі күні үрей толқынына іліккен жұрт ауру белгілері болмаса да жаппай компьютерлік томографиядан өтуге жатталасып жүр. Біріншіден, КТ - бұл скрининг емес. Бұл зерттеу үшін айтарлықтай күрделі көрсеткіш немесе симптомдар болса жеткілікті. Егер өкпе қабынуы болса, онда дене қызуы 38-38,5 градустан жоғарылап, тынысты тарылтатындай дымқыл жетел, ентігу, кеуде тұстың күйіп бара жатқандай сезімі, бас ауруы, қан түкіру, төбеттің жоғалуы, жүрек айнып, лоқсу, қан қысымының төмендеуі, тахикардия, бұлшық еттің шаршауы сынды белгілер байқалады. Дегенмен, дәл осындай әдіспен зерттеу жүргізу қажеттігі туралы шешімді дәрігер қабылдайды. Томография иондалған сәулелерді пайдалану арқылы зерттеудің диагностикалық әдісі ретінде тиімді болғанымен теріс те салдары бар. Рентген

сәулелері қан құрамына зиянды және оны өзгеріске ұшыратады. Егер зерттеу жүргізу барысында адам үшін белгіленген нормадан сәулеге шалдығу дозасы артып кететін болса, онда бұл жайт ағзадағы ауытқуларды өршітіп жіберуі мүмкін. Соның салдарынан ересек адамдар оттегінің жетіспеушілігін туындататын лейкопения, тромбоцитопения, гемолиздік өзгерістер, эритроцитопения ауруларына тап болуы ықтимал. Егер диагностикалық тиімділігі дәл осындай барынша қауіпсіз әдіс пайдалану мүмкіндігі болса, онда дәрігер соны ұстанатын болады. Мәселен, егер рентгенді сараптама тапсырумен алмастыруға болса, онда өзіңді сәулелену тәуекеліне босқа ұшырату қажеті қанша. Бұған қоса, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 10-шы клиникалық хаттамасында құжатты өзірлеушілер өкпе қабынуын диагностикалау үшін КТ-дан бөлек, әрбір емханада бар және өкпенің зақымдануын көрсете алатын рентген-аппараттарын да қарастырған. Бүгінде бүкіл елімізде небәрі 135 томограф болса, рентген аппараттарының саны 3 мыңнан асып жығылады. Сондықтан да қажеттілік туындаған сәтте сіз қысқа ғана уақыттың ішінде диагностикадан өте аласыз. Ақшаңызды босқа жұмсап, денсау-лығыңызға қауіп төндірместен бұрын жақсылап ойланып алғаныңыз дұрыс.

АҚТӨБЕДЕ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Бүгінгі күні облыста коронавирус инфекциясымен және пневмониямен ауырып жатқандар көп. Қазіргі таңда тұрғындарды емдеу бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда 15 шілдеде пневмониямен ауырған науқастарды емдеу мақсатында *Ақтөбе медицина орталығындағы балаларға арналған стационарға қосымша 100 кереует қойылып, 80 орындық респираторлық қолдау орталығы ашылады. Бұл туралы кеше* облыс әкімінің денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі кеңесшісі Әсет Қалиев тікелей эфир барысында хабарлады. Оның айтуынша, соңғы тәулікте облыста коронавирус инфекциясы бойынша 49, пневмония бойынша 63 адам тіркелген. Қазіргі таңда өңірде пневмониямен 1946 адам ауырып, емделіп жатыр, оның ішінде 498-і — аудан тұрғындары. Олар аудандық ауруханалар жанынан ашылған стационарларда ем алуда. Сондай-ақ 728 науқас амбулаториялық жағдайда емделуде.

— *Қазіргі таңда пневмониямен ауырған тұрғындарға жан-жақты ем көрсетіліп, дәрігерлер үздіксіз жұмыс жасауда. Барлық провизорлық орталықтардағы медицина қызметкерлері толық қорғаныш киімдерімен қамтылған. Өкінішке қарай, бүгінде облыс орталығындағы ауруханаларда жұмыс істейтін 100 медицина қызметкері* *коронавирус инфекциясын жұқтырып, қазіргі кезде ем алып жатыр. Атап айтсақ, 100 қызметкердің 55-і — дәрігер. Сонымен қатар 77 медицина қызметкері пневмониямен ауырып, емделуде. Осыған байланысты бүгінгі күні еңбек демалысындағы барлық дәрігерлерді жұмысқа тартып жатырмыз,* — деді Ә.Қалиев.

Оның айтуынша, облыс орталығындағы жеке клиникалар да пневмониямен ауырған науқастарды емдеп,

көмек көрсетуде. Атап айтсақ, жуырда «Дару» емханасында 176 науқасқа арналған провизорлық стационар ашылса, «Әйгерім» клиникасында тұрғындар ем алып, тексерілуде. Сонымен қатар қазіргі таңда М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің 600 орындық жатақханасы провизорлық стационар ретінде жұмыс жасауда.

Тікелей эфир барысында тұрғындар дәріханаларда әлі күнге дейін дәрілердің жетіспей жатқандығын, аудандарда птр-тесттен өту мүмкіндігі жоқ екендігін айтып шағымдана, бірқатары қалалық емханалар жұмысын қашан жалғастыратынын сұрады.

— Дәріханаларда әлі де дәрі-дәрмек жетіспеушілігі бар. Мұның басты себебі — тұрғындар арасында сұраныстың көптігі. Алдағы уақытта дәрі жетіспеушілігі толығымен жойылады, бұл бағытта жұмыс жасап жатырмыз. Ал аудандарда пцр-тесттен өткізі келген тұрғындар емдеу мекемелерінде қан тапсыра алады. Олардың нәтижелерін облыс орталығындағы арнайы орталықтар тексеріп, аудандарға жібереді. Сонымен қатар қалалық емханалар жұмысына келсек, қазіргі таңда оларда тек жедел көмек көрсету қызметі ғана жұмыс жасауда. Өзірге тексерулер мен скринингтер кейінге шегерілді, жоспарға сәйкес қабылдаулар тоқтатылды. Өкінішке қарай, қазіргі таңда емханаларда жүрек-қан тамырлары, қатерлі ісік ауруларымен тіркеуде тұрған адамдарға жан-жақты емдеу, алдын ала көмек көрсету жұмыстары толыққанды жүргізілмей отыр. Дегенмен учаскелік дәрігерлер өз пациенттеріне ем тағайындап, көмектесуде, — деді Ә.Қалиев.

Тікелей эфир соңында Әсет Қалиев облыс тұрғындарынан көшеге шыққанда санитарлық талаптарды қатаң сақтауға, қорғанып, өз денсаулығын күтуге кеңес берді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІНІҢ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗГЕН ЖИНАЛАСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

9 шілде 2020 жыл №3 Кемер ауылы 2020 жылы 9 шілде күні сағат 15⁰⁰ —де Саралжын ауылдық округі әкімдігінде жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиналысы өтті.

Жиналысқа қатынасуға тиісті сайланған жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелері -25. Қатысқаны -25. **Төрағалық етуші: Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – жергілікті қоғамдастық кеңес төрағасы.**

Хатшысы: Төлеуғалиев Уәлихан-жергілікті қоғамдастық кеңес хатшысы.

КҮН ТӨРТІБІНДЕ:

1. Кемер, Ақкемер ауылдарындағы көше атауларын өзгерту туралы

Тыңдалды:

А.Мубаракوف – Саралжын ауылдық округінің әкімі:

Құрметті ауыл тұрғындары! Бүгінгі жиынның күн төртбіңдегі бір сұрақ – көше атауларын өзгерту. Саралжын ауылдық округі әкімінің жанынан құрылған қоғамдастық кеңесінен Кемер ауылындағы Ботагөз-1 көшесі және Ақкемер ауылындағы Ботагөз көшелерінің қайталануына байланысты атауларын ауыстыру жөнінде ұсыныс келді.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары бекіту туралы» қаулысына сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауылдық округтің әкімімен бірлесе отырып, жергілікті қоғамдастық жиналасын өткізу мерзімін анықтайды және БАҚ-нда хабарландыру орналастырылды. Соған сәйкес «Ойыл» газетінің 09 маусымдағы №23 (7812) санына хабарландыру жарияланды. Белгіленген күні жиналыс аяқталған соң, қорытындысы жарияланып, хаттамамен рәсімделетін болады.

Сонымен, ұсынылып отырған көшелер атаулары:

1. Алаш – қазақ халқының байырғы және ұлт-азаттық қозғалысының атауы.

2. Бекет ата – 1750-1813 жж.өмір сүрген ойшыл өулие.

Шығып сөйлегендер:

Өмірғали Аманғали Исағалиұлы – қоғамдастық кеңес төрағасы:

-Құрметті ауыл тұрғындары, Ботагөз-1 көшесінің атауы қайталануына байланысты Алаш атауын беруді ұсынамын.

Құлбатыров Шанжар – ауыл тұрғыны: мен Ботагөз-1 көшесінің тұрғыны ретінде көшемнің атауы «Алаш» деп өзгертілуін құптаймын.

Меңдіғалиев Қаратай - Ақкемер ауылының тұрғыны: Ботагөз көшесіне «Бекет ата» атауын берген жөн. Тарихи тұлғалардың есімін жаңғыртқанды жөн санаймы.

Мұнан кейін сөз алған зейнеткерлер Б.Отеев, К.Казмағамбетов тағы басқалар сөз сөйлеп, алдыңғы сөйлегендердің сөздерін толықтырып, өз ойларын білдірді.

Жиналыста Кемер ауылындағы Ботагөз-1 көшесінің атауын «Алаш» атауымен, Ақкемер ауылындағы «Ботагөз» көшесіне - «Бекет ата» атауымен атау мәселесі дауысқа қойылып, барлығы бір ауыздан қолдады.

Қолдаушылар – 20 адам

Қарсы-жоқ

Қалыс қалғандар – 2 адам

Жиында айтылған ұсыныс пікірлерді қортындылай келіп, жергілікті қоғамдастық комиссия мүшелерінің жиыны **шешім етеді:**

1. Аудандық ономастикалық жұмыс тобының және облыстық ономастика комиссиясының кезекті қарауына Кемер ауылындағы Ботагөз-1 көшесіне «Алаш» атауын, Ақкемер ауылындағы Ботагөз көшесіне – «Бекет ата» атауын беру ұсынылсын.

Жиынның төрағасы:

Хатшысы:

А. Өмірғали

У. Төлеуғалиев

ПАНДЕМИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ БҒМ МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН DUOLINGO ЖӘНЕ IELTS INDICATOR ОНЛАЙН ТЕСТІЛЕРДІҢ СЕРТИФИКАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУҒА РҰҚСАТ БЕРДІ

COVID-19 пандемиясы жағдайында ағылшын тілін білу деңгейін анықтайтын IELTS халықаралық емтиханын дәстүрлі форматта тапсыру мүмкіндігінің болмауына байланысты ҚР Білім және ғылым министрі жоғары оқу орындарының түлектеріне магистратура мен докторантураға түсу үшін Duolingo English Test және IELTS INDICATOR тапсыруға рұқсат беретін бұйрыққа қол қойды.

Тестілеу емтихан кезінде көшіріп алуға мүмкіндік бермейтін ақпараттық жүйелер арқылы тек электронды форматта тапсырылады.

Duolingo English Test және IELTS INDICATOR тапсыру кезінде прокторингтің заманауи жүйелері пайдаланылады. Duolingo English Test Плюш Лигасының университеттері, Russell Group, Назарбаев Университеті және өлемдік деңгейдегі көптеген жоғары оқу орындарымен танылады. Жалпы Duolingo жүйесінде тіркелген пайдаланушылар саны шамамен 300 млн адамды құрайды. IELTS Indicator – пандемия жағдайында тапсыруға болатын IELTS академиялық модулінің жаңа онлайн тесті.

Магистратураға түсу үшін Duolingo English Test бойынша шекті балл **95-тен кем емес**, IELTS INDICATOR бойынша – **6,0-тен кем емес**. Докторантура үшін Duolingo English Test бойынша шекті балл **85-тен кем емес**, IELTS INDICATOR бойынша – **5,5-тен кем емес**.

Duolingo English Test сертификатының қолданылу мерзімі 1 жылды құрайды, ал IELTS INDICATOR сертификаты 2 жылға дейін жарамды.

Шет тілін меңгергендігін растайтын сертификат тек докторантура үшін міндетті болып табылады. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін Duolingo English Test, IELTS INDICATOR халықаралық сертификаттарын ұсынуға немесе кешенді тестілеу (КТ) барысында шет тілінен тест тапсыруға болады.

Назарларыңызға кешенді тестілеу және білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштерді қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты ұсынамыз.

МАГИСТРАТУРА.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайты арқылы <https://pvo-zayav.testcenter.kz> жоо қабылдау комиссияларымен **15 маусымнан 15 шілдеге дейін** жүргізіледі.

Кешенді тестілеу **1 - 15 тамыз аралығында** компьютерлік форматта өткізіледі. Магистратура бойынша білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштер **16 - 20 тамыз** аралығында қабылданады.

ДОКТОРАНТУРА.

Оқуға түсуге өтініштерді қабылдау ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының <https://pvo-zayav.testcenter.kz> сайты арқылы жоо қабылдау комиссияларымен **3 шілдеден 3 тамызға дейін** жүргізіледі. Докторантураға түсу емтихандары **4 - 20 тамыз** аралығында өткізіледі.

ҚР БҒМ баспасөз қызметі

В СВЯЗИ С ПАНДЕМИЕЙ МОН РАЗРЕШИЛО ПРИЕМ СЕРТИФИКАТОВ ОНЛАЙН ТЕСТОВ DUOLINGO И IELTS INDICATOR ДЛЯ ПОСТУПЛЕНИЯ В МАГИСТРАТУРУ И ДОКТОРАНТУРУ

В связи с невозможностью в условиях пандемии COVID-19 сдать международный тест IELTS на знание английского языка в традиционном формате Министр образования и науки РК подписал приказ, разрешающий выпускникам вузов сдать Duolingo English Test и IELTS INDICATOR для поступления в магистратуру и докторантуру.

Тестирование будет проводиться исключительно в электронном формате через информационные системы, исключающие возможность списывания во время экзамена.

В процессе сдачи Duolingo English Test и IETLS Indicator применяются современные системы прокторинга. Первый признается большинством университетов Лиги плюща, Russell Group, Назарбаев Университетом и многими другими вузами мирового уровня. Всего насчитывается около 300 млн зарегистрированных пользователей Duolingo. IELTS Indicator –новый онлайн-тест академического модуля IELTS, который можно сдавать в условиях пандемии.

Для поступления в магистратуру пороговый балл по Duolingo English Test должен составлять **не менее 95**, по IELTS INDICATOR– **не менее 6,0**. Для поступления в докторантуру пороговый балл по Duolingo English Test должен быть **не менее 85**, по IELTS INDICATOR – **не менее 5,5**.

Срок действия сертификата Duolingo English Test составляет один год, IELTS INDICATOR – два года.

Отметим, что сертификат, подтверждающий владение иностранным языком, является обязательным только для поступления в докторантуру. Для поступления на образовательные программы магистратуры можно представить международный сертификат, в том числе Duolingo English Test, IELTS INDICATOR, либо пройти экзамен по иностранному языку в ходе комплексного тестирования.

Ниже приведена информация о сроках приема заявлений для участия в комплексном тестировании и конкурсе на присуждение образовательного гранта на обучение.

МАГИСТРАТУРА

Прием заявлений для участия в КТ проводится приемными комиссиями вузов через сайт Национального центра тестирования МОН РК <https://pvo-zayav.testcenter.kz> **с 15 июня по 15 июля**. Комплексное тестирование состоит **с 1 по 15 августа** в электронном формате. Прием заявлений для участия в конкурсе на присуждение образовательного гранта на обучение в магистратуре будет осуществляться **с 16 по 20 августа**.

ДОКТОРАНТУРА

Прием заявлений на поступление проводится приемными комиссиями вузов через сайт Национального центра тестирования МОН РК <https://pvo-zayav.testcenter.kz> **с 3 июля по 3 августа**. Вступительные экзамены по группам образовательных программ в докторантуру будут проводиться **с 4 по 20 августа**.

Пресс-служба МОН РК

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1583 дана. Тапсырыс №860
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ҚАЗАҚТЫҢ ТОЙЫН ҚАЗАҚШАЛАП ЖҮРМІН...»

...ОСЫ БІР КИІКТІҢ ҚҰРАЛАЙЫНДАЙ ӘДЕМІ КЕЛІНШЕКТІ БІРНЕШЕ БАСҚОСУЛАРДА БАЙҚАДЫҚ. ҚОЛДЫҢ БАСЫНДАЙ ШАҒЫН ДЕНЕГЕ СОНШАЛЫҚТЫ АШЫҚ, ЗОР ДАУЫС ҚАЛАЙ СЫЙЫП ТҮРҒАНЫНА ТАҢ ҚАЛҒАНЫМЫЗ БІР БӨЛЕК, СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ ЖОҒАЛЫП КЕТКЕН - ӨЛЕҢНІҢ МӘТІНІН БҰЗБАЙ, ХАЛЫҚ ӨНДЕРІНІҢ БОЯУЫН СОЛ ҚАЛПЫНДА ОРЫНДАЙТЫНЫНА ТАҒЫ ТӘНТІ БОЛДЫҚ. ЕЛДІҢ ІШІНДЕ ТАЛАНТТАР АЗ ЕМЕС, АЛАЙДА СОЛАРДЫҢ КӨҢГЕ КӨМІЛГЕН ГАУҒАРДАЙ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛА БЕРЕТІНІНЕ ҚЫНЖЫЛЫП ЖҮРГЕНБІЗ, КЕЙІНІРЕК АЛҒА АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНЕ ЖҰМЫСҚА КЕЛГЕНІН ЕС-ТІП, АРНАЙЫ СӨЗГЕ ТАРТТЫҚ.

«Туған жерім - Ойыл. Бала кезімден атақты Көкжар жәрмеңкесі, Шернияз ақын, Қызыл әнші жайлы естіп өстік. Соңынан қалмай жүріп домбыра үйренген ештеңем жоқ, екінші сынып оқып жүргенде тың-қылдатып бастадым да, өз өзімнен үйреніп кеттім. Әкем Шәтми кезінде Момын Байғаниндермен бірге жүрген, «Ойылдың серісі» атанған кісі болыпты. Бәлкі, сол кісіден жұққан болар».

Ойылдың Құрманов атындағы ауылында, қызыл құмның арасында өскен балаң қыз өз елінен шыққан Жолдыбай Айтқұлов, Мұқан Сатыбаев, Света Мырзабаева сияқты өнер адамдарын үлгі тұтатын. Солардай болуға тырысатын. Арнайы мектепке бармаса да, тума талант бөрібір бір кезде жарқырайды ғой, кішкентай Гүлжан мектеп қабырғасында жүріп-ақ көзге түсе бастады. Ауыл-үйдің той-томалағының да гүлі болды.

«Алдымен мектеп, ауыл сахнасында өн айтып бастадым. Неге екені белгісіз, эстрада жанры мені түк тартпады. Қазақтың қара домбырасының үніне сиқырланып қалғандай, қайда барсам да домбырамен өн айтатынмын. Өзіңіз білесіз, кешегі кезде домбырамен өн айту ілуде болмаса, көп кездеспейтін. Мені де талай концерттен қаққысы келгендер болды, алайда домбырамды құшақтап, мен де беріспедім».

Бала кезінен қазақы домбыраны серік еткен қара қыз Қ.Жұбанов атындағы университеттің музыка факультетіне оқуға түсті.

«Әдемі арман, бала қиял сол қалпында бірден іске асып кете қоймайды ғой, оқып жүріп тұрмыс құрдым. Алдағы тағдырымыз бір арнаға тоғысады деген серігім ойымдағыдай болмады. Өнеріме қарсы болды. Талай таяқ жедім. Сонда да, «ертең ел болып кетерміз» деген үміттің жетегінде біраз жүрдім. Төрт балалы болдым. «Балалар өскесін бәрі дұрысталар» - деген үмітім де ақталмады. Ақыры ажырасып тындық. Рас, көңілімнің түкпірінде балалардың әкесіз өсіп жат-қаны бір дерт болып қатып

қалса да, ешкімнен кем қылмау үшін барымды салдым. Шүкір, Сағадатым автоколледжді бітіріп, қазір әскерде. Бекзатым Оралда заң колледжінде оқиды. Гүлназым мен Инабат мектепте».

Иә, төрт қозысын жетелеп, тұрмыстың көп қиындығын көрсе де, мойымады, сынбады. Балалардың әкесінен алимент те алған жоқ. Өзі де қай-сар қыз, жалғыз қалған соң тіпті шырға түскендей болды. «Қалай болғанда да балаларды ешкімнен кем қылмаймын» - деп тырысқан Гүлжан нәпақасын қара домбырадан тапты. «Елде болса ерніңе тиеді» дегендей, талай сын сағатта Гүлжанды алып шыққан өнері болды.

«Ауданымызда кезінде өзге ұлт өкілдері салмақты болғанын білесіз. Домбырамен өн айтуды біртүрлі қабылдайтын. Алайда, үлкендер жағы маған тапсырыс беретін. Осы қара домбырамның арқасында небір ауыр кезде де күнкөрісім қиын болған жоқ, балаларымды да оқыттым. Жалпы, қазақы өнерде кие бар».

Иә, өнердің киесін жанымен сезінетін Гүлжанның бойындағы ерекше қасиеті - кейбіреулердей өннің сөзін бұзбайды, мақамын өзгертпейді. Алты қырдан асатын баршын дауыс бірден жаныңды баурап алады. Содан да болар, кез келген орта Гүлжанның өніне сілтідей тына қалады.

Біздің де назар аударғанымыз сол болды - қазақы өуен, маржан сөздер кез-келген адамның қанындағы қазақтықты оятып жібергендей ерекше ынтамен тыңдайтынының талай күесі болды. Бұл феноменнің себебі де қарапайым - түп-тұқиян тегіндегі қазақылыққа сусаған қазаққа қазақтың өндері керек.

«Мен дәстүрлі өндерді тек орындап қана қоймаймын, зерт-теймін де. Қазақтың дәстүрлі өндері бүтін бір тарих қой, шіркін! Бір танысым «қазақ өндерінде «әридей», «халау-лім-ай» деген түсініксіз бірдеңелер толып жүреді» деп, онымен жаға жыртысуға дейін барғанын. Шын-

дығында, сол «әридай» мен «хәләу-лімде» айтылмаған қаншама ой, қанша мұң жатқанын білмейді ғой. Әйтпесе, қазақтың сөзі құрып қалды дейсіз бе?».

«Жаға жыртысу» демекші, Гүлжанның мінезінде тентектік те бар. Тік. Ер мінезді. Күлбілтелеу, кей әйелдер сияқты өсек айту деген қылықтардан ада. Тек өзінің қара басына ғана сенетін болғандықтан шығар, «өмірдің бермейтінін тартып алам» деген қағиданы қолданады.

Биыл, бір кездері тұрмыс тауқыметімен оқи алмай үзіп алған білімінің дипломын алады. Балалары да қанаттанып келеді. Осы уақытқа дейін өнер ортасынан шетін қалып, балаларын асырау үшін әр жерде жұмыс жасаған (тіпті газ операторлығын да оқып алған) Гүлжан қазір Алға аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырушы болып еңбек етеді. Балаларымен пәтер жалдап тұрады.

Осы орайда, сал мен серіні айлап-жылдап қонақ қылатын, сойысы мен киісін көтеретін қазақтың дархан мінезі, қала берді жоғалып бара жатқан дәстүрлі өн өнеріне деген қайта қалыптасып келе жатқан көзқарас біздің елдің де атқамінерлерінің есіне түсіп, Алға мәдениетінің бір пұшағын илеп жүрген Гүлжанға да пәтер кілті тиер деген жылымшы үмітіміз де жоқ емес...

Түйін: «Сәмәлетім қонды, телефоным қосылды, неге қоңырау шалмайсың?», «ырбалаңдап билеймін, ырбалаңдап билеймін» деген «әнсымақтардан» қазақтың ұлттық жадын, ұлттық рухын қорғап қалғымыз келсе, Гүлжан Алдашева сияқты қазақы өнердің саф алтындарының жағдайын жасауымыз керек.

Шара ЕЛЕУСІЗ,
Алға қаласы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

ДЕНІ САУ АДАМҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

Қолды сабынмен жиі жуыңыз (20 сек. Кем емес)

Көшеде, қоғамдық орындарда жиі қолды антисептиктермен сүртіңіз

Бетті, көзді, мұрынды және ауызды жумаған қолмен ұстамаңыз

Қоғамдық орындарда міндетті түрде маска киіңіз, 1,5-2 метр қашықтықты сақтаңыз

Жөтелу және түшкіру кезінде ауызды және мұрынды салфеткамен жабыңыз, оны қолданғаннан кейін бірден тастаңыз

Күнделікті пәтерді/үйді жуу құралдармен тазалаңыз

Жиі дезинфекциялау құралдарымен есік тұтқаларын, телефондарды, компьютерлерді, ажыратқыштарды сүртіңіз

Киім мен төсек-орынды 60-90 градус температурада әдеттегі кір жуғыш ұнтақпен жуыңыз

Қоғамдық орындарға барудан аулақ болыңыз (сауда орталықтары, дүкендер, дәріханалар, моншалар)

Қоғамдық орындарда, ауыз бен мұрынды жауып, міндетті түрде бетперде киіңіз

Отбасы мүшелерінің жағдайын, әсіресе 60 жастан асқан, сондай-ақ жүректің, өкпенің және т. б. созылмалы аурулары бар адамдардың жағдайын бақылаңыз

Аурудың кез келген симптомдары (температура, жөтел, диарея және т. б.) пайда болған жағдайда үйде қалыңыз, www.coronavirus2020.kz сайтында көрсетілген 1406 аймақтық номерге, учаскелік дәрігерге хабарлаңыз

Сіздердің және жақындарыңыздың денсаулығы сіздің қолыңызда!!!

Құттықтау

Көсембай ауылының тұрғыны,
Аяулы анамыз Қоңыр Қожақованы
65 жасымен құттықтаймыз!

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған
65 жастың құтты болсын белесі.
Бұл 65 жас қарттық емес, қазына жас,
Болатын немеренің назына мас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас.
Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің.

Ізгі тілекпен: бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немерелері, жиендері.



Күлжамалдың үлгісі



Covid-19 күллі өлемді күрсіндіріп ғана қоймай, дүр сілкіндіргені бәрімізге мәлім. Әлем елдеріне салқынын салған індетті сан-сағатта тоқтату мүмкін емес. Ауруды асқындырмай алдын алған жерлестер қауіпті індеттің таралуына жол бере қоймады. Бұл індеттің біздің ауданға да жеткені жасырын емес. Осы орайда коронавирустың белгісі анықталған жандарды емдеп жатқан дәрігерлерге ауданның еріктілері бастау болып, ыстық тамақпен қамтып келеді. «Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас» демекші, осы еріктілердің көрсеткен істеріне үн қосып, қиын-қыстау кезеңде қолдау көрсеткен ауданның

жеке кәсіпкері Күлжамал Өліп қажетті азық-түлікпен демеушілік көрсетіп жатыр. Өрдайым қайырымдылық шаралардан қалыс қалмай, жақсы істердің жанында жүретін Күлжамал апайдың ісін үлгі тұтып жүрген еріктілер, қанатымен су сепкен қарылғаштай азық-түліктен түрлі-түрлі тамақтар өзірлеп, дәрігерлерге апарудан бір сәтте жалыққан емес. Апталап үйлерін көрместен науқастарға қалт етпей қарап, адам жанына араша түсіп жатқан ақ халатты абзал жандардың да айтары бір. «Бірлік түбі береке» деген ұғымды ұстанған дәрігерлер дәл қазіргі уақытта қауіпті індетті бірлесіп жеңуге шақырады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Нұрғабылова Алтынгүлдің аяулы анасы

Қабылова Қымбат апайдың

қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Сәндібаевтар отбасына, ағайын-туыс, бауырларына мектебіміздің қызметкері

Сәндібаев Ғалымның

кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы музейдің бас есепшісі Сандибаева Гүлжанға жолдасы

Сандибаев Ғалым Төлегенұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ибрашева Әминаға бауыры

Ғалымның

қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің қызметкері Дәрібаев Дулатқа аяулы жары

Ғалияның

кенеттен қайтыс болуына байланысты ағайын,тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады